

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 120 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 қыркүйекте № 21299 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 247 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10204 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 248 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16446 болып тіркелген, 2018 жылғы 13 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы қаулыларының тізбесі 6-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 28 қыркүйегі
№ 120 қаулысымен
бекітілді

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі – Ұлттық Банк) жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидалар Ұлттық Банктің орталық аппаратының бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына (бұдан әрі – Ұлттық Банктің филиалдары), Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығында (филиалына) (бұдан әрі – Ұлттық Банктің Орталығы), Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің

банкноттарын және (немесе) монеталарын енгізетін (тапсыратын) және (немесе) алатын жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ Ұлттық Банктің филиалдарына, Ұлттық Банктің Орталығына шетел валютасын енгізетін (тапсыратын) және (немесе) алатын заңды тұлғаларға қолданылады.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айналым кассасы – Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының кіріс, шығыс, кіріс-шығыс кассалары, қайта санау кассасы, ұсақтау (айырбастау) кассасы және кешкі касса кіретін кассасы;

2) ақша ұсақтау (айырбастау) кассасы – Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында арнайы жабдықталған, бір номиналдағы ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын басқа номиналдағы банкноттар мен монеталарға айырбастап беруге арналған кабина (үй-жай);

3) артық шығу – ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарының, монеталарының орауында көрсетілген ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарының, монеталарының сомасы және осы ораудағы нақты банкноттар, монеталар сомасының арасындағы артық шыққан айырма;

4) банкноттар салынған толық будалар – әрқайсысында бір номиналдағы 100 (бір жүз) парақ банкнот бар 10 (он) толық бумалардан оралған 1000 (бір мың) банкнот;

5) банкноттар мен монеталар – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің Қазақстан Республикасының аумағында заңды төлем құралы болып табылатын банкноттары мен монеталары, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, оның ішінде тозған және бүлінген банкноттар мен монеталар;

6) ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қайта санауға арналған үй-жай – Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында кіріс, шығыс, шығыс-кіріс кассасының қасында арнайы жабдықталған, уәкілетті өкілдің ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын және монеталарын қайта санауына арналған орын;

7) бокс – ұлттық валютаның әр түрлі номиналдардағы және тозу дәрежесіндегі сұрыпталмаған банкноттарын сақтауға және тасымалдауға арналған арнайы қайтарылатын ыдыс;

8) дайындаушы ұйым – банкноттар мен монеталарды дайындауды жүзеге асыратын "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;

9) жауапты бөлімше – Ұлттық Банктің орталық аппаратының Қазақстан Республикасында қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі;

10) заңды тұлға – Ұлттық почта операторы, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары, екінші деңгейдегі банктер, банкноттарды,

монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар (бұдан әрі – инкассаторлық ұйымдар), Ұлттық Банктің еншілес ұйымдары, таратылатын банктер;

11) инкассация бөлімшесі – Ұлттық Банк Орталығының банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау шарты негізінде Ұлттық Банктің филиалдары, сондай-ақ Ұлттық Банктің Орталығы және заңды тұлғалар арасында банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын бөлімшесі;

12) касса модулі – Ұлттық Банктің автоматтандырылған банктік ақпарат жүйесінің эмиссиялық-кассалық операцияларының модулі;

13) кассалық құжаттар – резервтік қорлардың және айналым кассасының банкноттарымен және монеталарымен және қоймада (сақтау орнында) сақтаудағы құндылықтармен операциялар жасалғандығын растайтын құжаттар;

14) кем шығу – ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарының, монеталарының орауында көрсетілген ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарының, монеталарының сомасы және осы ораудағы нақты сомасының арасындағы кем шыққан айырма;

15) кешкі касса – Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында арнайы жабдықталған, операциялық күн аяқталғаннан кейін және (немесе) демалыс және мереке күндері ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қабылдауға арналған кабина (үй-жай);

16) күмәнді банкноттар мен монеталар – Ұлттық Банк белгілеген банкноттар мөлшерінің 50 (елу) пайыздан астамын сақтаған, банкноттардың түпнұсқалығын айқындауды қиындататын бүлінулері бар ұлттық валюта банкноттары, сондай-ақ монеталарының түпнұсқалығын айқындауды қиындататын бүлінулері, бұрмалануы бар ұлттық валюта монеталары;

17) кіріс кассасы – Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында арнайы жабдықталған, ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қабылдауға арналған кабина (үй-жай);

18) кіріс-шығыс кассасы – Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында арнайы жабдықталған, ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қабылдауға және беруге арналған кабина (үй-жай);

19) қайта есептеу кассасы – Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында арнайы жабдықталған, Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының касса қызметкерлерінің ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қайта есептеуіне арналған үй-жай;

20) қаржылық автоматтандырылған ақпарат тасымалдау жүйесі (бұдан әрі – ҚААТЖ) – қорғалған байланыс арнасы бойынша ақпаратты электронды түрде жіберуге арналған арнайы байланыс арнасы;

21) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімше – Ұлттық Банктің орталық аппаратының Ұлттық Банктің операциялары бойынша қосалқы есепке алуды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі;

22) мәміле паспорты (трейд-тикет) – мәміле жасалғанын растайтын құжат, онда мәміле көлемі, шетел валютасының атауы не ISO бойынша әріптік коды, бағасы және (немесе) комиссиялық сыйақысы, валюталау күні, жеткізу күні, мәміле күні, жеткізу орны, номиналы, шетел валютасын не Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын есепке алуға арналған тараптардың банктік деректемелері, контрәріптес – қолма-қол шетел валютасымен операциялар бойынша Ұлттық Банкпен жасалатын мәмілеге қатысушының атауы көрсетілген мәміленің жасалуын растайтын құжат;

23) мемлекеттік мекеме – Ұлттық Банкте қызмет көрсетілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері;

24) монеталардың толық қапшығы – салынған сомасы Қағидалардың 89-тармағында көзделген мөлшердегі номинал бойынша белгіленген, бір номиналдағы монеталар оралып салынған қапшық;

25) монетарлық операцияларды жүзеге асыруға жауапты бөлімше – Ұлттық Банктің орталық аппаратының монетарлық операцияларды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі;

26) саше-пакеттер – белгіленген мөлшерде ұлттық валюта монеталары бар және тасымалдау пакетінің құрамдас бөлігі болып табылатын орау бірлігі;

27) тасымалдау пакеті – ұлттық валюта монеталарын сақтауға, тасымалдауға, қабылдауға және беруге арналған, құрамында саше-пакеттері бар орау бірлігі;

28) уәкілетті өкіл – заңды тұлғаның не мемлекеттік мекеменің ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын жарналауға (тапсыруға) және (немесе) алуға уәкілетті өкілі;

29) филиалдың бухгалтериясы – Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының бухгалтерлік есеп бөлімшесі;

30) шетел валютасы – тиісті шет мемлекетте немесе мемлекеттер тобында айналыстағы және заңды төлем құралы болып табылатын банкноттар мен монеталар, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айырбасталуға жататын ақша белгілері;

31) шығыс кассасы – Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында арнайы жабдықталған, ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын беруге арналған кабина (үй-жай).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Касса жұмысын ұйымдастыру

4. Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында кассалық операциялар бүкіл операциялық күн ішінде жүргізіледі. Касса жұмысының басталу және аяқталу уақыты, сондай-ақ касса жұмысының ерекшеліктері Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы басшысының немесе олардың міндеттерін атқаратын адамдардың бұйрығымен белгіленеді.

5. Операциялық күн ішінде заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден түскен банкноттар мен монеталарды Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы енгізілген сомасын сол операциялық күні заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің тиісті банк шоттарына есепке ала отырып айналым кассасына қабылдайды.

Операциялық күн ішінде Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының кассасынан заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге берілген банкноттар мен монеталарды Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы сол операциялық күні заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің тиісті банк шоттарынан есептен шығарылады.

6. Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы төлемге тек қана төлем банкноттары мен монеталарын қабылдайды.

Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы қабылдайтын және айырбастайтын банкноттар мен монеталардың төлем қабілеті Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16120 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 230 қаулысына (бұдан әрі - № 230 қағидалар) сәйкес айқындалады.

7. Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы қолдан жасалу белгілері бар банкноттар мен монеталарды анықтау фактісіне байланысты хабарларды (наразылықтарды) қарайды. Қолдан жасалу белгілері бар, сондай-ақ төлем қабілеті жоқ банкноттар немесе монеталар жеке тұлғаға, заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге қайтарылмайды және айырбасталмайды. Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы анықталған қолдан жасау белгілері бар банкноттарды және монеталарды құқық қорғау органдарына өткізеді.

3-тарау. Кассалық операцияларды жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Кіріс кассасының банкноттар мен монеталарды қабылдау тәртібі

8. Кіріс кассасы жеке тұлға, заңды тұлға, мемлекеттік мекемеге енгізген (тапсырған) банкноттар мен монеталарды қабылдауды жүзеге асырады.

9. Кіріс кассасының Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғадан банкноттар мен монеталарды қабылдауы Ұлттық Банктің филиалы,

Ұлттық Банктің Орталығы мен көрсетілген заңды тұлғаның арасында жасалған ұлттық валюта – теңгемен кассалық қызмет көрсету шарты негізінде жүзеге асырылады.

10. Кіріс кассасының Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) жоқ жеке тұлғадан, заңды тұлғадан банкноттар мен монеталарды қабылдауы ұлттық валюта – теңгемен кассалық қызмет көрсету шарты жасалмай-ақ банкноттарды парақтап және монеталарды бір-бірлеп санай отырып жүзеге асырылады.

11. Кіріс кассасының мыналарда банк шоты (банк шоттары) бар мемлекеттік мекемеден банкноттар мен монеталарды қабылдауы былайша жүзеге асырылады:

1) Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде – ұлттық валюта – теңгемен кассалық қызмет көрсету шарты негізінде;

2) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде – ұлттық валюта – теңгемен кассалық қызмет көрсету шарты жасалмай-ақ.

12. Кіріс кассасының касса қызметкері заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден:

1) номиналдары, шығарылған жылдары мен тозу дәрежесі бойынша сұрыпталған (айналысқа жарамды, тозған, айналыстан алынатын және алынған) банкноттарды, толық будадағы не әр түрлі номиналдағы және тозу дәрежесіндегі, сұрыпталмаған, бокстарға салынған банкноттарды (бұдан әрі – бокстардағы банкноттар);

2) номиналдары, тозу дәрежесі бойынша сұрыпталған (айналысқа жарамды, ақаулы (бүлінген), айналыстан алынатын және алынған), толық қапшықтардағы немесе тасымалдау пакеттеріндегі монеталарды қабылдайды.

Бокстардағы банкноттар, банкноттар салынып, сұрыпталған толық будалар, сондай-ақ монеталар салынған қапшықтар мен тасымалдау пакеттері жасалған күннен бастап 1 (бір) айдан аспайтын мерзімде қабылданады.

Заңды тұлғадан (Ұлттық Банктің еншілес ұйымдарын және таратылатын банктерді қоспағанда), мемлекеттік мекемеден банкноттар салынған толық емес будалар, монеталар салынған толық емес қапшықтар немесе тасымалдау пакеттері тоқсанына 1 (бір) реттен артық емес қабылданады.

Банкноттар салынған толық емес будалар бумалардың саны және қыстырма қағаздардағы жазбалар бойынша қабылданады, монеталар салынған толық емес қапшықтар немесе тасымалдау пакеттері қапшықтарға немесе тасымалдау пакеттеріне бекітілген жапсырмалардағы (затбелгілердегі) жазбалар бойынша қабылданады. Банкноттарды жекелеген парақпен, ал монеталарды бір-бірлеп қабылдау кезінде оларды парақтап және даналап қайта санау жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Кіріс кассасының касса қызметкері заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден банкноттар мен монеталарды қабылдау кезінде:

1) будалар мен бумалар бойынша банкноттарды ораудың тұтастығына, буданың жоғары қыстырма қағазындағы деректемелердің дұрыс ресімделуін, пломбадағы клише бедерінің немесе пломбиратор бедерінің анық болуын (жақсы көрінуін);

2) бокстардағы банкноттарды ораудың тұтастығына, бокстарға бекітілген жапсырмалардағы (затбелгілердегі) деректемелердің дұрыс ресімделуін, пломбадағы пломбиратор бедерінің немесе пластик пломбалардағы нөмірлердің анық болуын (жақсы көрінуін);

3) монеталар салынған қапшықтарды ораудың тұтастығына, қапшықтарға бекітілген жапсырмалардағы деректемелердің дұрыс ресімделуін және пломбадағы пломбиратор бедерінің анық болуын (жақсы көрінуін);

4) монеталар салынған тасымалдау пакеттерін ораудың тұтастығына, затбелгідегі деректемелердің дұрыс ресімделуін, клише бедерінің анық болуын (жақсы көрінуін) тексереді.

Заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің касса қызметкерлері банкноттар салынған будаларды, монеталар салынған қапшықтарды немесе тасымалдау пакеттерін Қағидалардың 81, 82, 83, 84, 85, 88, 89 және 89-1-тармақтарында көзделген тәртіппен орайды.

Заңды тұлғаның касса қызметкерлері банкноттарды бокстарға Қағидалардың 87-1-тармағында көзделген тәртіппен орайды.

Орауы бүлінген банкноттар салынған бокстар, будалар, монеталар салынған қапшықтар немесе тасымалдау пакеттері қабылданбауға тиіс.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Қайта санау кассасы заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің ораудағы банкноттарын парақтап және монеталарын бір-бірлеп қайта санауды:

1) банкноттар салынған бокстарды, банкноттардың толық будаларын және монеталар салынған толық қапшықтарды немесе тасымалдау пакеттерін қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде;

2) банкноттардың толық емес будаларын және монеталар салынған толық емес қапшықтарды немесе тасымалдау пакеттерін қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Кіріс кассасының касса қызметкері банкноттар мен монеталарды уәкілетті өкілдің қатысуымен қабылдайды және қайта санайды. Бұрын қабылданған барлық

банкноттар мен монеталар сейфтерде, металл шкафтарда, үстелдің жәшіктерінде, кілтпен жабылатын арнайы арбаларда немесе кіріс кассасының касса қызметкеріне бекітіліп берілген, пломбиратормен пломбаланған сақталатын (инкассаторлық) қапшықтарда сақталады.

16. Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден банкноттар мен монеталарды қабылдау Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыру, түбіртек және ордер негізінде жүзеге асырылады.

17. Заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден банкноттар мен монеталарды қабылдаған кезде филиал бухгалтериясының жауапты орындаушысы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруды, түбіртекті және ордерді қабылдай отырып, олардың дұрыс толтырылуын, оларда қажетті деректемелердің болуын тексереді, қол қояды және филиал бухгалтериясының бақылаушысына өткізеді.

18. Филиал бухгалтериясының бақылаушысы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша алынған банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыру, түбіртек және ордер негізінде:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық кіріс журналына жазба жасайды;

2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруға, түбіртекке және ордерге қол қояды;

3) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық кіріс журналын, Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруды, түбіртекті және ордерді кіріс кассасының касса қызметкеріне береді.

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық кіріс журналын, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруды, түбіртекті және ордерді заңды тұлға, мемлекеттік мекеме арқылы беруге жол берілмейді.

19. Кіріс кассасының касса қызметкері филиал бухгалтериясының бақылаушысынан Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруды, түбіртекті және ордерді ала отырып:

1) жауапты орындаушының және филиал бухгалтериясы бақылаушысы қолтаңбаларының болуын және қолтаңбалардың қолданыстағы қол қою үлгілеріне сәйкестігін тексереді;

2) оларда көрсетілген цифрмен және жазумен көрсетілген сомалардың сәйкестігін тексереді;

3) банкноттар мен монеталарды салған уәкілетті өкілді шақырады және банкноттар мен монеталарды Қағидалардың 13-тармағында көзделген тәртіппен қабылдайды.

20. Будалар, бумалар бойынша әрбір номиналдағы банкноттарды, сондай-ақ қапшықтардағы немесе тасымалдау пакеттеріндегі монеталарды қабылдағаннан кейін кіріс кассасының касса қызметкері деректерді касса модулінің құжатына енгізеді.

Бокстардағы банкноттарды қабылдау кезінде кіріс кассасының қызметкері бокстағы банкноттардың жалпы сомасының жарнаға арналған хабарландыруда көрсетілген сомамен сәйкестігін тексереді және сәйкес келген жағдайда тиісті деректерді касса модулінің құжатына енгізеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Кіріс кассасының касса қызметкері уәкілетті өкілден банкноттар мен монеталарды қабылдағаннан кейін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруда, түбіртекте және ордерде көрсетілген жалпы соманы касса модулінің құжатында көрсетілген жалпы сомамен және нақты қабылдаған банкноттар мен монеталардың жалпы сомасымен салыстырып тексереді.

Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруда, түбіртекте және ордерде көрсетілген сомалар нақты қабылданған банкноттар мен монеталар сомасымен сәйкес келген кезде кіріс кассасының касса қызметкері:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруға, түбіртекке және ордерге қол қояды;

2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша түбіртекке кіріс кассасының мөрін басады, оны уәкілетті өкілге береді.

Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыру касса қызметкерінде қалады, ал Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша ордер филиал бухгалтериясының жауапты орындаушысына беріледі.

22. Енгізілген банкноттар мен монеталар сомасының және Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруда, түбіртекте және ордерде көрсетілген соманың арасында алшақтықтар анықталған жағдайда, сондай-ақ Қағидалардың 83, 84, 85, 88 және 89-тармақтарында көзделген тәртіпті бұза отырып оралған, жекелеген банкноттар салынған бумаларды және монеталар салынған қапшықтарды қабылдаудан бас тартылған жағдайда, заңды тұлға, мемлекеттік мекеме Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруды, түбіртекті және ордерді нақты енгізілген банкноттар мен монеталардың сомасына қайта ресімдейді. Бұл

ретте кіріс кассасының касса қызметкері Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландырудың, түбіртектің және ордердің сыртқы жағына нақты қабылданған банкноттар мен монеталардың сомасын көрсетеді, қол қояды және оларды филиал бухгалтериясының жауапты орындаушысына қайтарады.

Ұлттық Банк филиалының кіріс кассасының касса қызметкері қабылдаған банкноттар мен монеталар Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруды, түбіртекті және ордерді қайта ресімдеу үшін уәкілетті өкілге қайтарылады.

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық кіріс журналындағы, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландырудағы, түбіртектегі және ордердегі жазбаны түзетуге жол берілмейді.

23. Филиал бухгалтериясының жауапты орындаушысы заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден қайтадан толтырылған Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруды, түбіртекті және ордерді алғаннан кейін олардың дұрыс толтырылуын тексереді, қол қояды және оларды филиал бухгалтериясының бақылаушысына береді.

24. Филиал бухгалтериясының бақылаушысы қайтадан толтырылған Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландырудың, түбіртектің және ордердің негізінде Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық кіріс журналына жаңа жазба жасайды және Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша банкноттар мен монеталар жарнасына арналған хабарландыруды, түбіртекті және ордерді Қағидалардың 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20 және 21-тармақтарында белгіленген тәртіппен заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден банкноттар мен монеталарды қабылдау үшін кіріс кассасының касса қызметкеріне береді.

25. Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы банкноттар мен монеталарды Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық кіріс ордері негізінде банкноттарды парақтап және монеталарды бір-бірлеп санай отырып:

1) Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) жоқ жеке тұлғадан, заңды тұлғадан;

2) Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында, қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден қабылдайды.

26. Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы жеке тұлғадан, заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден банкноттар мен монеталарды қабылдау кезінде кіріс касса құжаттарын (Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша қолма-қол

ақша жарнасына арналған хабарландыруды, түбіртектер мен ордерлерді, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық кіріс ордерін) ресімдеу және салыстырып тексеруді Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы Ұлттық Банк шығарған инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату, айырбастау (ұсақтау) операцияларын жасау жағдайларын қоспағанда, Қағидалардың 17, 18, 20 және 21-тармақтарында көзделген тәртіппен жүргізеді.

2-параграф. Кіріс кассасының шетел валютасын қабылдау тәртібі

27. Кіріс кассасы:

1) мәміле паспорты (трейд-тикет) және Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валютасымен кіріс касса ордері негізінде Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлға және (немесе) мемлекеттік мекеме;

2) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валютасымен кіріс касса ордері негізінде және қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшенің нұсқауы негізінде қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар мемлекеттік мекемелер енгізген (тапсырған) шетел валютасын қабылдайды.

28. Кіріс кассасының касса қызметкері Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғадан және (немесе) мемлекеттік мекемеден номиналы мен тозу дәрежесі бойынша сұрыпталған, толық бума мен қапшықтарға салынған шетел валютасын қабылдайды.

Заңды тұлғадан және (немесе) мемлекеттік мекемеден бір және (немесе) түрлі номиналдағы банкноттары бар толық емес түбіршектерді және түрлі номиналдағы шетел валютасының жекелеген монеталарын қабылдау шетел валютасының банкноттарын парақтап және шетел валютасының монеталарын бір-бірлеп қайта санап қабылданады.

Заңды тұлғадан және (немесе) мемлекеттік мекемеден шетел валютасының банкноттары бар бумалар және монеталары бар қапшықтар қалыптастырылған күнінен бастап 1 (бір) айдан аспайтын мерзімде қабылданады. Парақтап қайта санау уақытында анықталған айналысқа жарамсыз, бүлінген, күмәнді, айналыстан алынатын (алынған), зауыт ақауы бар шетел валютасының банкноттары және (немесе) монеталары қабылдануға жатпайды және заңды тұлғаға және (немесе) мемлекеттік мекемеге қайтарылады.

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Кіріс кассасының касса қызметкері шетел валютасын уәкілетті өкілдің қатысуымен қабылдайды және қайта санайды. Бұрын қабылданған шетел валютасы

сейфтерде, металл шкафтарда, үстелдің жәшіктерінде, кілтпен жабылатын арнайы арбаларда немесе кіріс кассасының касса қызметкеріне бекітіліп берілген пломбиратормен пломбаланған сақтау (инкассаторлық) қапшықтарында сақталады.

30. Кіріс кассасының касса қызметкері Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғадан және (немесе) мемлекеттік мекемеден шетел валютасын қабылдаған кезде:

1) бумалар мен түбіртектер бойынша шетел валютасының банкноттарын орамының тұтастығы, буманың жоғары жапсырмасындағы деректемелердің дұрыс ресімделуі, пломбадағы клише бедерінің немесе пломбиратор бедерінің анық болуы (жақсы көрінуін) тұрғысынан;

2) қапшықтар бойынша шетел валютасының монеталарын орамының тұтастығы, қапшықтарға жапсырылған таңбадағы деректемелердің дұрыс ресімделуі және пломбадағы пломбиратор таңбасының анық болуы (жақсы көрінуі) тұрғысынан тексереді.

Заңды тұлғаның және (немесе) мемлекеттік мекеменің касса қызметкерлері банкноттар салынған бумаларды және монеталар салынған қапшықтарды Қағидалардың 83, 84, 85, 88 және 89-тармақтарында көзделген тәртіппен орайды. Орамы бүлінген шетел валютасының банкноттары салынған бумалар және монеталары салынған қапшықтар қабылданбайды.

31. Қайта санау кассасы заңды тұлғаның және (немесе) мемлекеттік мекеменің орамында қабылданған шетел валютасының банкноттарын парақтап қайта санауды және монеталарын бір-бірлеп қайта санауды шетел валютасының банкноттары мен монеталарын қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде жүргізеді.

3-параграф. Кешкі кассаның банкноттар мен монеталарды қабылдау тәртібі

32. Операциялық күн аяқталғаннан кейін банкноттар мен монеталарды қабылдау үшін Ұлттық Банк Төрағасының жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасарының бұйрығымен Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында кешкі касса құрылады, оның жұмыс уақытын жауапты бөлімше белгілейді.

33. Кешкі кассаның заңды тұлғадан банкноттар мен монеталарды қабылдауын касса қызметкері Ұлттық Банк филиалы, Ұлттық Банк Орталығы басшысының не олардың міндеттерін атқаратын адамдардың бұйрығымен айқындалған бухгалтер-бақылаушының бақылауымен жүргізеді.

34. Кешкі кассаға келіп түскен банкноттар мен монеталар кассалық құжаттарға касса қызметкерінің "Кешкі касса" мөрін қоя отырып, Қағидалардың 3-тарауының 1-

параграфында көзделген тәртіппен қабылданады. Бухгалтер-бақылаушы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кешкі кассаның кассалық кіріс журналына жазба жасайды.

35. Кешкі касса қабылдаған банкноттар мен монеталар айналыс кассасына кіріске алынады және келесі операциялық күннен кешіктірілмей заңды тұлғаның тиісті банк шотына (банк шоттарына) есепке алынады.

4-параграф. Шығыс кассасының банкноттар мен монеталарды беру тәртібі

36. Шығыс кассасы жеке тұлғаларға, заңды тұлғалар, мемлекеттік мекемеге банкноттар мен монеталарды беруді жүзеге асырады.

37. Шығыс кассасының Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаға банкноттар мен монеталар беруі Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы және (немесе) аталған заңды тұлға арасында жасалған ұлттық валюта – теңгемен кассалық қызмет көрсету шарты негізінде жүзеге асырылады.

38. Шығыс кассасының Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) жоқ жеке тұлғаға, заңды тұлғаға банкноттар мен монеталар беруі ұлттық валюта – теңгемен кассалық қызмет көрсету шартын жасамай-ақ, банкноттарды парақтап және монеталарды жеке бір-бірлеп есептеп жүзеге асырылады.

39. Шығыс кассасы банк шоты (банк шоттары) бар мемлекеттік мекемеге банкноттар мен монеталарды:

1) Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде ұлттық валюта – теңгемен кассалық қызмет көрсету шарты негізінде береді;

2) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде ұлттық валюта – теңгемен кассалық қызмет көрсету шартын жасамай-ақ береді.

40. Банкноттар мен монеталар мына касса құжаттары:

1) чек;

2) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық шығыс ордері негізінде беріледі.

41. Банкноттар мен монеталар:

1) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаға - Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14336 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды орнату қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы арқылы банк (банктік емес ұйым) және (немесе) банк (банктік емес ұйым) филиалының қолма-қол ақшаны алуы үшін чек және жиынтық ведомосы (бұдан әрі – жиынтық ведомость) негізінде;

2) Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге – чек негізінде;

3) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар мемлекеттік мекемеге – Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық шығыс ордері негізінде;

4) Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) жоқ жеке тұлғаға, заңды тұлғаға – Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық шығыс ордері негізінде беріледі.

Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Кассалық қызмет көрсетуге шарт жасалған заңды тұлға банкноттар мен монеталарды алу күнінің қарсаңында немесе алатын күні Ұлттық Банктің филиалына, Ұлттық Банктің Орталығына Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚААТЖ және (немесе) қолға беру арқылы банкноттар мен монеталарды (шетел валютасын) алуға өтінім береді.

Филиал бухгалтериясының жауапты орындаушысы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкноттар мен монеталарды (шетел валютасын) алуға өтінімді қабылдайды, ол оның дұрыс толтырылуын, Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында немесе қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлға, мемлекеттік мекеме алушысының қойылған қолдарының қолда бар қол қою үлгілерімен сәйкестігін тексереді.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Филиал бухгалтериясының жауапты орындаушысы:

1) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаның уәкілетті өкіліне банкноттар мен монеталарды беру кезінде:

чек қабылдайды;

чекте көрсетілген соманы жиынтық ведомостың деректерімен салыстырып тексереді;

чектің дұрыс толтырылуын тексереді;

чектегі уәкілетті өкіл қолының қолда бар қол қою үлгілеріне сәйкестігін тексереді;

чекте көрсетілген тұлға туралы мәліметтердің оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректерімен не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, оның жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректермен сәйкес келуін тексереді;

чекке қол қояды;

уәкілетті өкілге кассаға ұсыну үшін чектің бақылау маркасын береді;

чекті және жиынтық ведомості филиал бухгалтериясының бақылаушысына өткізеді;

2) Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің уәкілетті өкіліне банкноттар мен монеталарды беру кезінде:

чекті қабылдайды;

чектің дұрыс толтырылуын тексереді;

чектегі уәкілетті өкіл қолының қолда бар қол қою үлгілеріне, мемлекеттің мекеменің мөр бедерінің сәйкестігін тексереді;

чекте көрсетілген мәліметтердің уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың деректерімен не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, оның жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректермен сәйкес келуін тексереді;

чекке қол қояды;

уәкілетті өкілге кассаға ұсыну үшін чектің бақылау маркасын береді;

чекті филиал бухгалтериясының бақылаушысына өткізеді.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік тоқсан күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Заңды тұлғаның, мемлекеттің мекеменің банк шотында (банк шоттарында) қажетті ақша сомасы жеткілікті болмаған кезде чек заңды тұлғаға, мемлекеттің мекемеге қайтарылады.

45. Филиал бухгалтериясының бақылаушысы филиал бухгалтериясының жауапты орындаушысынан чекті және (немесе) жиынтық ведомосты алып, чектің дұрыс толтырылуын, заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің қойылған қолдары қолда бар қол қою үлгілерімен, мөр бедерімен сәйкес келуін тексереді, чек сомасын жиынтық ведомоспен салыстырып тексереді, оны Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кассалық шығыс журналына тіркейді, чекке қол қояды және чекті шығыс кассаның касса қызметкеріне өткізеді.

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша чекті және кассалық шығыс журналын заңды тұлға, мемлекеттік мекеме арқылы беруге жол берілмейді.

46. Шығыс кассаның касса қызметкері чекті алған кезде:

1) филиал бухгалтериясының жауапты орындаушысының және бақылаушысының қойылған қолдарының болуын және қолда бар қол қою үлгілеріне сәйкес келуін тексереді;

2) чектегі цифрлармен және жазумен көрсетілген сомалардың сәйкестігін тексереді;

3) уәкілетті өкілді чектің нөмірі бойынша шақырады және одан алынатын соманы нақтылайды;

4) чекте уәкілетті өкілдің қойылған қолы болуын және чектегі мәліметтердің оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректерімен не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, оның жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректермен сәйкес келуін тексереді;

5) берілуге тиіс банкноттар мен монеталар сомасын дайындайды;

6) чектің кассаға ұсынылатын бақылау маркасы нөмірінің чекте көрсетілген нөмірге сәйкес келуін тексереді және бақылау маркасын чекке желімдейді;

7) беруге дайындалған банкноттар мен монеталарды уәкілетті өкілдің қатысуымен қайта санайды;

8) уәкілетті өкілге банкноттарды, монеталарды және банкноттар мен монеталарды алғаны туралы қол қою үшін чекті береді;

9) чекке қол қояды.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік тоқсан күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47. Шығыс кассасының касса қызметкері банкноттар мен монеталарды беруге қарай деректерді касса модулінің құжатына енгізеді.

48. Шығыс кассасының касса қызметкері заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге:

1) банкноттардың орауы тұтас болған жағдайда, оларды парақтап қайта санамай, жапсырмадағы белгілері, бумалардың саны бойынша толық будалармен;

2) жекелеген бумалардағы банкноттарды, толық емес будалардан, сондай-ақ орауы бүлінген будалардан тұратын банкнотты парақтап қайта санай отырып;

3) қапшықтарға оралған монеталарды қапшықтарға бекітілген жапсырма қағаздардағы жазбалар бойынша, ал тасымалдау пакеттеріне оралған монеталарды тасымалдау пакеттеріне бекітілген затбелгілердегі жазбалар бойынша;

4) пакеттерге немесе құтыларға, сондай-ақ саше-пакеттерге оралған монеталарды олардағы жазбалар бойынша береді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. Заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге:

1) шығыс кассасының касса қызметкері банкноттарды жеке бумалармен немесе парақтармен беру кезінде банкноттар салынған будаларды ашып, барлық буданы парақтап қайта санайды;

2) шығыс кассасының касса қызметкері пакеттерге, құтыларға немесе саше-пакеттерге оралмаған монеталарды беру кезінде монеталар салынған қапшықты немесе тасымалдау пакетін ашып, қапшыққа немесе тасымалдау пакетіне салынған барлық монетаны бір-бірлеп қайта санайды.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Шығыс кассасының касса қызметкері банкноттар мен монеталарды беру кезінде заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің талап етуі бойынша бір номиналды басқаға айырбастауды жүргізбейді.

51. Заңды тұлға, мемлекеттік мекеме алған банкноттар мен монеталарды оның уәкілетті өкілі кассадан кетпей тұрып, банкноттар мен монеталарды берген шығыс кассасының касса қызметкерінің қатысуымен қайта санайды және:

1) банкноттарды – будалар және бумалар бойынша, ал банкноттардың жекелеген парақтарын – парақтап қайта санай отырып;

2) қапшықтардағы монеталарды – қапшықтарға бекітілген жапсырмалардағы жазбалар бойынша, тасымалдау пакеттеріндегі монеталарды – олардағы жазбалар бойынша, ал қапшықтарға немесе тасымалдау пакеттеріне салынбаған монеталарды – бір-бірлеп қайта санай отырып тексереді.

Шығыс кассасының касса қызметкері уәкілетті өкілдің қатысуымен банкноттар салынған толық будалардағы, сондай-ақ монеталар салынған қапшықтардағы немесе тасымалдау пакеттеріндегі пломбалар мен клишелерді (бар болса) кеседі.

Банкноттар салынған будаларды және монеталар салынған қапшықтарды немесе тасымалдау пакеттерін пломбалар мен клишелерді (бар болса) алмастан беру Қағидалардың 52 және 53-тармақтарында көзделген жағдайларда және осындай талап заңды тұлғамен, мемлекеттік мекемемен жасалған кассалық қызмет көрсету шартында болған кезде ұлттық валюта – теңгеде жүзеге асырылады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

52. Заңды тұлға, мемлекеттік мекеме банкноттарды парақтап және монеталарды бір-бірлеп қайта санаған жағдайда мынадай талаптарды сақтайды:

1) шығыс кассасының касса қызметкері банкноттар салынған толық будалар мен монеталар салынған қапшықтардың немесе тасымалдау пакеттерінің пломбалары мен клишелерін (бар болса) кеспейді;

2) уәкілетті өкіл шығыс кассасының касса қызметкерінен банкноттар мен монеталарды алғаннан кейін ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қайта санауға арналған үй-жайда касса қызметкері-бақылаушының бақылауымен банкноттар мен монеталарды қайта санайды;

3) уәкілетті өкіл банкноттар мен монеталарды қайта санауын үзіліссіз қарап бақылауды жүзеге асыру кезінде касса қызметкері-бақылаушы бірімсіз орау материалдарының банкноттар салынған барлық буданы немесе монеталар салынған қапшықтарды, тасымалдау пакеттерін қайта санау аяқталғанға дейін сақталуын қадағалайды;

4) Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы банкноттар мен монеталарды қайта санау кезінде анықталған кем шығу сомаларын кейіннен Ұлттық Банктің филиалына, Ұлттық Банктің Орталығына кем шығуға жол берген тұлғаның (тұлғалардың) кем шығу сомаларын өтеуімен заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге өтеледі;

5) банкноттар мен монеталарды қайта санау кезінде анықталған артық шығулар кассаға кіріске алынады және Ұлттық Банктің кірісіне есепке алынады;

6) уәкілетті өкіл қайта санамаған банкноттар салынған қалған толық будалардан және монеталар салынған қапшықтардан, тасымалдау пакеттерінен касса қызметкері-бақылаушы пломбалар мен клишелерді (бар болса) кесіп алады, олар бойынша кейіннен заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден шағымдарды қабылдамайды.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

53. Уәкілетті өкіл банкноттар мен монеталарды ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қайта санауға арналған үй-жайдан тыс қайта санаған кезде заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің банкноттар мен монеталардың кем шығуы туралы өтініші қаралмайды және банкноттар мен монеталарды қайта санау, қалыптастыру, орау және беру жөніндегі шағым-талапты Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы қабылдамайды.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының басшысы немесе оның міндеттерін атқаратын адам заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің шағым-талабы қанағаттандырылуына қарамастан, заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің банкноттар мен монеталардың кем шығуы туралы өтінішін тексеруге шаралар қабылдайды.

55. Қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар мемлекеттік мекемеге банкноттар мен монеталарды беру нұсқауға қол қою құқығы бар

қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшенің қызметкерлері қол қойып, алынған нұсқаудың және мемлекеттік мекеменің уәкілетті адамының атына берілген сенімхаттың негізінде жүзеге асырылады.

Қосалқы есепке алуға жауапты бөлімше Ұлттық Банктің филиалына, Ұлттық Банктің Орталығына нұсқауға қол қою құқығы бар қосалқы есепке жауапты бөлімше қызметкерлерінің қол қою үлгілері бар құжатты ұсынады. Нұсқауға қол қою құқығы бар қызметкерлердің қол қою үлгілері бар құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

Қол қойылған нұсқау Ұлттық Банктің филиалына, Ұлттық Банктің Орталығына қолма-қол ақшаны беру күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 11.00-ге дейін беріледі.

Нұсқауда мыналар:

- 1) мемлекеттік мекеменің толық атауы;
- 2) берілген күні;
- 3) берілген орны (Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы);
- 4) банкноттар мен монеталардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56. Занды тұлға Ұлттық Банктің филиалына, Ұлттық Банктің Орталығына банкноттар мен монеталарды алатын күннің қарсанында Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкноттар мен монеталарды (шетел валютасын) алуға өтінімді және чекті берген жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы банкноттар мен монеталарды беруге алдын ала дайындайды.

57. Шығыс кассасының қызметкері алдын ала дайындалған банкноттар мен монеталарды Қағидалардың 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 51 және 52-тармақтарында көзделген тәртіпте береді.

58. Уәкілетті өкіл алдын ала дайындалған банкноттар мен монеталар салынған қапшықтарды ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қайта санауға арналған үй-жайда қапшықтардың пломбаларын кесетін касса қызметкері-бақылаушының бақылауымен ашады. Уәкілетті өкіл алынған банкноттар мен монеталарды Қағидалардың 52-тармағына сәйкес қайта санайды.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-параграф. Шығыс кассасының шетел валютасын беру тәртібі

59. Шығыс кассасы Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге шетел валютасын береді.

60. Шығыс кассасы шетел валютасын мына касса құжаттары:

1) мәміле паспорты (трейд - тикет);

2) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валютасымен шығыс касса ордері негізінде береді.

61. Шығыс кассасы шетел валютасын:

1) мәміле паспорты (трейд - тикет), Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валютасымен шығыс касса ордері, уәкілетті өкілге берілген сенімхат негізінде – Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге;

2) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валютасымен шығыс касса ордері, мемлекеттік мекеменің уәкілетті өкілінің атына берілген сенімхат және қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшенің нұсқауы негізінде – қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар мемлекеттік мекемеге береді.

62. Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлға, мемлекеттік мекеме шетел валютасын алу күні қарсанында немесе алу күні Ұлттық Банктің филиалына, Ұлттық Банктің Орталығына ҚААТЖ бойынша және (немесе) қолына беру арқылы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкноттар мен монеталарды (шетел валютасын) алуға өтінімді ұсынады.

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкноттар мен монеталарды (шетел валютасын) алуға өтінімді филиал бухгалтериясының жауапты орындаушысы қабылдайды, ол оның дұрыс толтырылуын, заңды тұлға, мемлекеттік мекеме алушыларының қойылған қолдарының қолда бар қор үлгілерімен, мемлекеттік мекеме мөрінің бедері сәйкес келуін тексереді.

63. Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге шетел валютасын өндіруші ұйымның орамында не Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы орамында беру бумалар мен будалар бойынша банкноттарды және бумалар орамының тұтастығын, қапшықтарға бекітілген жапсырмалардағы жазбалар бойынша монеталарды тексере отырып, банкноттар мен монеталардың номиналы бойынша жүргізіледі.

Шығыс кассасының касса қызметкері Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге:

тұлға, мемлекеттік мекеме шетел валютасын (банкноттарды парақтап және монеталарды бір-бірілеп) қайта санаған жағдайда мынадай талаптарды сақтайды:

1) шығыс кассасының касса қызметкері шетел валютасының банкноттары салынған толық будалар мен шетел валютасының монеталары салынған қапшықтардың пломбалары мен клишелерін (бар болса) кеспейді;

2) уәкілетті өкіл шығыс кассасының касса қызметкерінен шетел валютасын алғаннан кейін ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қайта санауға арналған үй-жайда қайта санау сәтінде уәкілетті өкіл шетел валютасын қайта санау кезінде қатысатын касса қызметкері-бақылаушының бақылауында болады;

3) уәкілетті өкілдің шетел валютасын қайта есептеуін үздіксіз қарап бақылауды жүзеге асыру кезінде касса қызметкері-бақылаушы бір мезгілде орау материалдарының шетел валютасының банкноттары салынған бүкіл буманы немесе шетел валютасының монеталары салынған қапшықты қайта санау аяқталғанға дейін сақталуын бақылайды;

4) шетел валютасын қайта есептеу кезінде анықталған кем шығу сомаларын Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы заңды тұлғаға және (немесе) мемлекеттік мекемеге кейіннен Ұлттық Банктің филиалына, Ұлттық Банктің Орталығына кем шығуға жол берген тұлға (тұлғаларға) кем шығу сомасын өтей отырып өтейді;

5) қайта есептеу кезінде анықталған шетел валюталарының артығы кассаға кіріске алынады және Ұлттық Банктің кірісіне есептеледі;

6) уәкілетті өкіл қалған, қайта есептемеген шетел валютасының банкноттары салынған толық будалардан және шетел валютасының монеталары салынған қапшықтардан касса қызметкері-бақылаушы пломбалар мен клишелерді (бар болса) кеседі, олар бойынша кейіннен заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден шағымдар қабылданбайды.

Ескерту. 67-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

68. Егер шетел валютасын қайта есептеуді уәкілетті өкіл ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қайта санауға арналған үй-жайда жүргізбесе, Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің шетел валютасының кем шығуы туралы өтінішін қарамайды және шетел валютасын қайта есептеу, қалыптастыру, орау және беру жөніндегі наразылықтарды қабылдамайды.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

69. Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің шетел валютасының

кем шығуы туралы өтінішін заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің талаптарын қанағаттандыруға қарамастан тексеру шараларын қабылдайды.

70. Заңды тұлға, мемлекеттік мекеме Ұлттық Банктің филиалына, Ұлттық Банктің Орталығына шетел валютасын алған күн қарсаңында Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкноттар мен монеталарды (шетел валютасын) алуға өтінімді ұсынған кезде Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы шетел валютасын алдын ала дайындауды жүзеге асырады.

71. Алдын ала дайындалған шетел валютасын беру Қағидалардың 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67 және 68-тармақтарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

72. Алдын ала дайындалған шетел валютасы салынған қапшықтарды ашуды уәкілетті өкіл қапшықтардағы пломбаларды кесетін касса қызметкері-бақылаушының бақылауымен ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қайта санауға арналған үй-жайда жүргізеді. Уәкілетті өкіл алған шетел валютасын қайта есептеуді Қағидалардың 67-тармағына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6-параграф. Саны банкноттар салынған 5 (бес) және 20 (жиырма) будадан, сондай-ақ монеталар салынған 2 (екі) және 10 (он) қапшықтан немесе тасымалдау пакетінен асатын банкноттар мен монеталарды беру және қабылдау тәртібі

Ескерту. 6-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

73. Касса қызметкері заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің уәкілетті өкіліне банкноттар салынған 20 (жиырма) будадан және монеталар салынған 10 (он) қапшықтан немесе тасымалдау пакетінен асатын мөлшерде банкноттар мен монеталарды вакуумдық ораулардан кепілдік клишелерді (бар болса) және банкноттар салынған будалардан, монеталар салынған қапшықтардан немесе тасымалдау пакеттерінен кепілдік пломбаларды алмай береді.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

74. Уәкілетті өкілге саны банкноттар салынған 5 (бес) будадан және монеталар салынған 2 (екі) қапшықтан немесе тасымалдау пакетінен асатын банкноттар мен монеталарды қабылдауды және беруді Ұлттық Банк филиалының касса қызметкері арнайы шлюз арқылы (ол бар болса) жүргізеді.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

75. Уәкілетті өкілдің Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында шығыс кассасында банкноттар мен монеталарды қабылдауы мынадай талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады:

1) Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының орауындағы банкноттар салынған бумаларды Ұлттық Банктің филиалының, Ұлттық Банктің Орталығының атауы, банкноттардың номиналы, саны мен сомасы, бумаларды қалыптастыру күні, касса қызметкерінің атаулы мөртабаны, аты-жөні немесе коды көрсетілген және оның қолы қойылған жапсырма қағаздар болған кезде түбіршектердің саны бойынша қабылдайды;

2) дайындаушы ұйымның орауындағы банкноттар салынған бумалар орау бүтін болған кезде түбіршектер саны мен номиналы бойынша қабылданады;

3) банкноттар салынған ораудың сақталуын (шпагаттың, вакуумдық ораудың тұтастығын, вакуумдық ораудағы кепілдік тігістегі пломбиратордың немесе клишенің (бар болса) анық бедерінің болуын) қамтамасыз етеді;

4) Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының орауындағы монеталар салынған қапшықтарды Ұлттық Банктің филиалының, Ұлттық Банктің Орталығының атауы бар мөртабан, монеталардың номиналы, саны мен сомасы, орауды қалыптастыру күні, касса қызметкерінің атаулы мөртабаны, аты-жөні немесе коды көрсетілген және оның қолы қойылған жапсырма бойынша қапшықтардың саны бойынша қабылдайды;

5) дайындаушы ұйымның орауындағы монеталар салынған қапшықтарды немесе тасымалдау пакеттерінің тұтастығын тексере отырып, монеталардың номиналы, саны және сомасы, ораудың жасалу күні, дайындаушы ұйымның ораушысының және бақылаушысының тегі көрсетілген, қапшыққа немесе тасымалдау пакетіне бекітілген жапсырма (затбелгі) бойынша қабылдайды;

6) монеталар салынған қапшықтың немесе тасымалдау пакетінің сақталуын (қапшықтың, тасымалдау пакетінің, шпагаттың тұтастығын, пломбиратор, клише бедерінің анық болуын) қамтамасыз етеді.

Ескерту. 75-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-параграф. Кіріс-шығыс және ауыстыру (айырбастау) кассаларының жұмыс істеу тәртібі

76. Кіріс-шығыс кассасы Қағидалардың 3-тарауының 1, 2, 4, 5-параграфтарында белгіленген тәртіппен банкноттарды және монеталарды, шетел валютасын қабылдауды және жеке тұлғаға, заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге беруді жүзеге асырады.

77. Ақша ұсақтау (айырбастау) кассасы:

монеталарды банкноттарға айырбастайды;

банкноттарды монеталарға айырбастайды;

тозған банкноттарды, ақаулы (бүлінген) монеталарды, айналыстан алынған және алынатын банкноттарды немесе монеталарды жарамды банкноттар мен монеталарға айырбастайды;

дизайны (нысаны) өзгерген банкноттарды айналыста жүрген сол номиналдағы банкноттарға айырбастайды;

айналыста жүрген банкноттарды дизайны (нысаны) өзгерген сол номиналдағы банкноттарға айырбастайды;

ірі номиналдағы жарамды банкноттар мен монеталарды ұсақ номиналдарға ұсақтайды;

ұсақ номиналдағы жарамды банкноттар мен монеталарды ірі номиналдарға айырбастайды.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

78. Банкноттарды немесе монеталарды айырбастау (ауыстыру) кезінде кіріс-шығыс кассасының касса қызметкері жеке тұлғадан, заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден банкноттарды немесе монеталарды алып, банкноттарды немесе монеталарды қайта санайды, қажетті номиналдағы банкноттарды және (немесе) монеталарды іріктейді, берлуге тиіс соманы тексереді және банкноттарды және (немесе) монеталарды береді.

Тозған банкноттарды немесе ақаулы (бүлінген) монеталарды, айналыстан алынған және алынатын банкноттар мен монеталарды айырбастау айырбастауға қабылданған банкноттардың немесе монеталардың сомасына жарамды банкноттар мен монеталарға жүргізіледі.

79. Егер жеке тұлғадан, заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден қабылданатын банкноттар мен монеталардың сомасы кассалық кіріс құжаттарында көрсетілген сомадан асып кетсе, кіріс-шығыс кассасының касса қызметкері қайтарылуға (тапсырылуға) жататын соманы береді.

80. Ұлттық Банк шығарған инвестициялық және коллекциялық монеталарды беру (сату) операцияларын жүзеге асырған кезде касса қызметкері сатылған монеталар сомасына Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16639 болып тіркелген "Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдар қолданатын аппараттық-бағдарламалық кешендердің бақылау чегінің нысаны мен мазмұнын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 39 қаулысында белгіленген талаптарға деректемелері сәйкес келетін касса модулінде қалыптастырылған Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау чегін береді.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-тарау. Банкноттар мен монеталарды сұрыптау және орау тәртібі

81. Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының касса қызметкерлері (бұдан әрі – касса қызметкерлері) қайта санау кассасына қабылданған банкноттар мен монеталарды номиналдары бойынша және тозу дәрежесі бойынша сұрыптайды.

Банкноттар номиналдары бойынша, шығарылған жылдары бойынша айналысқа жарамды, тозған, алынатын және айналымнан алынған банкноттарға сұрыпталады.

Монеталар айналысқа жарамды, ақаулы (бүлінген), айналыстан алынатын және алынған монеталарға сұрыпталады.

82. Айналысқа жарамды банкноттар мен монеталар тозған банкноттар және ақаулы (бүлінген) монеталардан, сондай-ақ айналыстан алынатын және алынған банкноттар мен монеталардан бөлек оралады.

83. Бір номиналдағы банкноттардың әрбір 100 (бір жүз) парағы бет жағын үстіне қаратып бір жаққа салынады, түбіршектерге қалыптастырылады және түбіршектерді бумаға орау тәсіліне байланысты айқастырылып немесе бір бандерольді көлденең қойып оралады. Егер бумалар одан әрі шпагатпен орау арқылы қалыптастырылса, түбіршектер айқастырылып оралады.

Банкноттарды полиэтилен пакеттерге ораған кезде түбіршектер бір көлденең бандерольмен оралады. Бандерольдерге:

- 1) Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының атауы жазылған мөртабан ;
- 2) банкноттардың сомасы және номиналы;
- 3) касса қызметкерінің қолы;
- 4) касса қызметкерінің атаулы мөртабаны, өзін-өзі теретін датирді қолданған кезде касса қызметкерінің коды немесе аты-жөні;
- 5) орауды қалыптастыру күні қойылады.

Банкнот түбіршектерін бандероль машиналарында ресімдеу кезінде арнайы орау материалы қолданылады. Бандероль машинасының құрылымдық ерекшелігіне байланысты бандерольдерге мыналар қойылады:

- 1) Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының қысқарған атауы;
- 2) банкноттардың сомасы мен номиналы;
- 3) касса қызметкерінің коды;
- 4) қалыптасқан күні мен уақыты.

Банкнот түбіршектерін қалыптастыру кезінде банкнот түбіршектерін полиэтилен пакеттерге орауға дейін бумаларды арнайы машиналарда пластикалық таспалармен айқастырып орау пайдаланылады.

Банкноттардың түбіршектерін бандерольдеудің, деректемелерді таңбалаудың автоматты жүйесі бар есептеу-сұрыптау машиналарында (бұдан әрі – есептеу-сұрыптау машинасы) ресімдеу кезінде арнайы орау материалы қолданылады. Есептеу-сұрыптау машинасының конструктивтік ерекшеліктеріне қарай бандерольдерге мыналар қойылады:

- 1) Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының қысқарған атауы;
- 2) банктік сәйкестендіру коды;
- 3) касса қызметкерінің коды немесе бригаданың коды;
- 4) есептеу-сұрыптау машинасының нөмірі;
- 5) қалыптастыру күні мен уақыты;
- 6) банкноттардың жарамдылық дәрежесі (жарамды немесе тозған).

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

84. Банкноттар будаға 10 (он) бумадан (бір номиналдағы банкноттардың 1000 (мың) парағы) қалыптастырылады, олар қатты қағаздан жасалған жоғарғы және төменгі жапсырма қағаздармен жабдықталады және шпагатпен түйінсіз және үзіксіз, төрт бітеу түйінмен қосарлап айқастырып байланады, шпагаттың ұшына касса қызметкері пломба салады.

Банкноттарды полиэтилен пакеттерге ораған кезде пакеттің аузы қыздырып бекітіледі, ал қыздырып бекітуге арналған клишеде Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының атауы және касса қызметкерінің реттік нөмірі көрсетіледі

Есептеу-сұрыптау машинасында банкноттар салынған будаларды қалыптастыру және орау кезінде клише пайдаланылмайды, банкноттар салынған будалар үстіңгі және астыңғы жапсырмалармен жабдықталмайды.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

85. Банкноттармен бумаларды қалыптастыру кезінде Қағидалардың 84-тармағына сәйкес буманың жоғарғы жапсырма қағазына мыналар қойылады:

- 1) Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының атауы жазылған мөртабан ;
- 2) банкноттардың номиналы;
- 3) банкноттардың сомасы;
- 4) банкноттардың саны;
- 5) орауды қалыптастыру күні;

6) касса қызметкерінің атаулы мөртабаны, өзін-өзі теру датирін пайдаланған кезде касса қызметкерінің коды немесе инициалдарымен бірге тегі;

7) касса қызметкерінің қолы;

8) "Шығарылған жылы ____" деген жазба қойылады.

Тозған банкноттар бумасының жоғарғы жапсырмасын ресімдеу кезінде жапсырманың жоғарғы оң жақ бұрышына қосымша "Тозығы жеткен" мөртабаны қойылады.

Мерейтойлық, ескерткіш банкноттар бумаларының жоғарғы жапсырма қағаздарын ресімдеген кезде жапсырма қағаздың төменгі сол жақ бұрышында қосымша "Мерейтойлық, ескерткіш" мөртабаны қойылады.

Есептеу-сұрыптау машинасында банкноттары бар бумаларды қалыптастыру кезінде этикеткасына мыналар қойылады:

1) Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының қысқарған атауы;

2) банкноттардың номиналы және банкноттардың шығарылған жылы;

3) банкноттардың саны;

4) касса қызметкерінің коды немесе бригаданың коды;

5) есептеу-сұрыптау машинасының нөмірі;

6) банкноттардың сомасы;

7) банкноттардың жарамдылық дәрежесі (жарамды немесе тозған);

8) қалыптастыру күні мен уақыты.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

86. Толық түбіршектерге және бумаларға қалыптастыруға болмайтын банкноттар біріктіру және орау үшін бір немесе бірнеше касса қызметкеріне өткізіледі.

Касса қызметкерлері біріктіру үшін қабылданған банкноттарды бір-бірлеп қайта санайды және олардан толық банкноттар бумасын қалыптастырады. Бір номиналды, тозу деңгейі бір, бірақ шығарылу жылдары бөлек банкноттардың толық түбіршіктері банкноттардың толық бумасына қалыптастырылады, жоғарғы жапсырма қағаздарының жоғарғы сол жақ бұрышында "Жинақталған" жазбасы қойылады.

87. "Жинақталған" мөртабаны қойылған бір қапшыққа 25 000 (жиырма бес мың) теңге не 50 000 (елу мың) теңге салынып, пакеттерге немесе құтыларға өлшеніп салынған бір номиналдағы банкноттар және түрлі номиналдағы айналысқа жарамды монеталар салынып қалыптастырылған бумалар 10 (он) операциялық күн ішінде беріледі не сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін бақылау үшін банкноттар бір-бірлеп, ал монеталар даналап қайтадан саналады.

87-1. Ұлттық Банктің Орталығы банкноттарды бокстарда қабылдауды жүзеге асырады.

Банкноттар салынған бокстарды жасау кезінде банкноттарды номиналдары, шығарылған жылы және тозу дәрежесі бойынша сұрыптау талап етілмейді. Сұрыпталмаған банкноттар қорапқа көлденеңінен қырына қойылады. Бокс тығыз жабылады, ал бокстың арнайы тесіктеріне (құлақтарына) нөмірлік пластик пломба салынады немесе бокстың көрсетілген тесіктеріне (құлақтарына) түйіні мен үзігі жоқ шпагат өткізіледі, оның ұштары пломба салына отырып тұйық түйінмен байланады.

Боксқа жапсырма (затбелгі) бекітіледі, онда:

- 1) заңды тұлғаның атауы, банктік сәйкестендіру коды;
- 2) банкноттар сомасы;
- 3) банкнот салынған бокстың жасалу күні;

4) банкноттарды қайта санаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадасының) атаулы мөртабаны немесе өзге коды немесе касса қызметкерінің қолы;

5) пломба нөмірі көрсетіледі.

Ескерту. Қағидалар 87-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

88. Бағалы емес металдан жасалған айналыстағы және коллекциялық монеталарды Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының касса қызметкерлері номиналдары бойынша өлшеп орайды және номиналдары бойынша пакеттерге (құтыларға) салады және сыртқы тігістері жоқ және бүлінбеген қаптарға салады. Әрбір оралған қаптың аузы матадан немесе полиэстерден жасалған жапсырмамен бірге тігіледі және түйіні мен үзігі жоқ шпагатпен мықтап байланады. Шпагаттың ұштары пломба салына отырып тұйық түйінмен байланады. Монеталар салынған пакеттерге және қапшықтардың жапсырмаларына алдын ала:

- 1) Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының атауы;
- 2) орауды қалыптастырған күн;
- 3) монеталардың номиналы;
- 4) монеталардың сомасы;

5) касса қызметкерінің атаулы мөртабаны, өзін-өзі теретін датирді қолданған кезде касса қызметкерінің коды немесе аты-жөні;

- 6) монеталар саны;
- 7) касса қызметкерінің қолы.

89. Бір қапшыққа немесе бір тасымалдау пакетіне салынған айналыстағы монеталардың сомасы номинал бойынша мынадай мөлшерде белгіленеді:

- 1 теңге - 4 000 (төрт мың) дана;
- 2 теңге - 4 000 (төрт мың) дана;
- 5 теңге - 3 000 (үш мың) дана;
- 10 теңге - 2 500 (екі мың бес жүз) дана;

20 теңге - 2 500 (екі мың бес жүз) дана;
50 теңге - 1 500 (бір мың бес жүз) дана;
100 теңге - 1 000 (бір мың) дана;
200 теңге - 750 (жеті жүз елу) дана.

Бір қапшыққа немесе бір тасымалдау пакетіне салынған бағалы емес металдардан жасалған коллекциялық монеталардың сомасы номиналы бойынша 500 (бес жүз) дана мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

89-1. Саше-пакеттегі монеталар тасымалдау пакеттеріне салынады. Салымның сомасы және 1 (бір) тасымалдау пакетіндегі монеталардың саны Қағидалардың 89-тармағына сәйкес белгіленеді.

Саше-пакет қыздырып бекітіледі, монеталардың номиналы, сомасы, жасалу күні, мөртабаны немесе өзге коды, сондай-ақ монеталарды қайта санауды, сұрыптауды және орауды жүргізген касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадасының) қолы (қолдары) көрсетілетін затбелгі салынады. Ақаулы (бүлінген) монеталардың затбелгісіне қосымша "Ақаулы" мөртабаны қойылады.

Тасымалдау пакетін қыздырып бекіту кезінде қыздырып бекіту тігісіне банктік сәйкестендіру коды және монеталарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадасының) коды қойылады. Тасымалдау пакетіне банктің атауы, банктік сәйкестендіру коды, номиналы, монеталардың сомасы, монеталардың саны, орау күні, мөртабаны немесе коды, сондай-ақ монеталарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадасының) қолы (қолдары) көрсетілетін затбелгі салынады. Ақаулы (бүлінген) монеталардың затбелгісіне қосымша "Ақаулы" мөртабаны қойылады. Жинақталған монеталар салынған тасымалдау пакетінің затбелгісінде әрбір номинал монеталарының номиналы, саны және сомасы, салымның жалпы сомасы қосымша көрсетіледі және "Жинақталған" мөртабаны қойылады.

Ескерту. Қағидалар 89-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

90. Жауапты бөлімше бір қапшыққа салынған монеталардың сомасының өзгергені немесе жаңа монеталар шығару туралы ақпаратты Ұлттық Банктің филиалдарына, Ұлттық Банктің Орталығына, заңды тұлғаға және мемлекеттік мекемелерге жібереді.

91. Қапшықтан монеталарды бөлшектеп алған немесе қапшыққа монеталарды қосымша салған кезде монеталардың қалдығы даналап, ал өлшеп салынған монеталар - пакеттердегі (құтылардағы) жазбалар бойынша қайта саналуы тиіс.

Монеталар салынған қапшық осы Қағидалардың 88-тармағында көзделген тәртіппен қайта тігіледі. Қапшыққа бекітілген жапсырмаға қайта санауды жүргізген және қайта санау күнін көрсете отырып монеталар қалдығының нақты сомасын куәландырған касса қызметкерінің қолы қойылады.

Касса қызметкерлерінде қалған монеталар салынған, толық қапшықтарды қалыптастыруға болмайтын пакеттер (құтылар) біріктіру және орау үшін бір немесе бірнеше касса қызметкерлеріне жіберіледі.

Монеталар салынған толық қапшықтарды қалыптастыруға болмайтын жекелеген пакеттер (құтылар) бір және сол сияқты түрлі номиналдың монеталары салынған толық емес қапшықтарға оралуы мүмкін, осы қапшықтардың жапсырмаларына әрбір номиналдың сомасы көрсетіледі.

Бірнеше касса қызметкерлері қайта есептеген пакеттерден (құтылардан) қалыптастырылған толық және толық емес қапшықтарға бекітілген жапсырмаға "Жинақталған" деген жазба қойылады.

Жинақталған қапшықтардағы монеталар айналым кассасында монеталар салынған қапшықтар қалыптастырылған күннен бастап 10 (он) операциялық күннен асырмай сақталады.

5-тарау. Кем шығулармен, артық шығулармен, тозған, бүлінген, күмәнді және төлем жасалмайтын банкноттармен және монеталармен, сондай-ақ қолдан жасалу және (немесе) ақау белгілері бар банкноттармен және монеталармен жұмыс істеу тәртібі

1-параграф. Банкноттар мен монеталарды қайта санау кезінде анықталған кем шығулармен, артық шығулармен, күмәнді, төлем жасалмайтын, тозған, бүлінген банкноттар мен монеталармен жұмыс істеу тәртібі

92. Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында және (немесе) қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банктік шоты (банктік шоттары) бар заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден қабылданған банкноттар мен монеталарды қайта санау кезінде кем шығуды (артық шығуды) анықтаған кезде кем шығу (артық шығу) сомалары қосалқы есепке алуға жауапты бөлімшеде банктік шоты (банктік шоттары) бар мемлекеттік мекемені қоспағанда ұлттық валюта – теңгемен кассалық қызмет көрсету шарттарына сәйкес банктік шотына (банктік шоттарына) есептен шығарылады, есепке алынады.

93. Егер банкноттар мен монеталарды заңды тұлға, мемлекеттік мекеме касса қызметкер-бақылаушының қатысумен ұлттық немесе шетел валютасы банкноттарын, монеталарын қайта санауға арналған үй-жайда Қағидалардың 52-тармағында белгіленген тәртіппен қайта саналған болса, Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк

Орталығының орауынан кем шығулар анықталған кезде заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің шағым-талаптарын Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы қабылдайды.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

94. Заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден бұрын қабылданған төлем жасалмайтын банкноттар мен монеталарды заңды тұлғаға, мемлекеттік мекемеге беруге жол берілмейді. Заңды тұлғадан, мемлекеттік мекемеден қабылданған төлем жасалмайтын банкноттар мен монеталар номиналдары бойынша сұрыпталып, Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банктің Орталығында басқа банкноттар мен монеталардан бөлек айналым кассасында сақталады.

95. Касса қызметкерлері № 230 қағидаларға сәйкес банкноттар мен монеталарды қайта санау үшін қолданылатын машиналарда қайта саналған, сондай-ақ банкноттар мен монеталарды енгізуші (тапсырушы) адамдар сұрыптаған банкноттар мен монеталардың төлем қабілетін анықтайды.

96. Аздаған бүлінулері бар (егер олар банкноттардың түпнұсқалығын айқындауға кедергі келтірмесе) , Ұлттық Банк белгілеген банкноттар мөлшерінің кемінде 70 (жетпіс) пайызын сақтаған банкноттарды Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы шектеусіз, оларды қабылданған сәтте тікелей айырбастайды.

Ұлттық Банк белгілеген банкноттар мөлшерінің 70 (жетпіс) пайыздан азы, бірақ 50 (елу) пайыздан астамы сақталған банкноттарды Ұлттық Банктің филиалы, Ұлттық Банктің Орталығы сараптама жүргізілгеннен кейін айырбастайды.

97. Заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің орауында, сондай-ақ Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының орауында күмәнді банкноттар мен монеталардың болуы белгіленген жағдайда, күмәнді банкноттар мен монеталар сомасына Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кем шығу (артық шығу) туралы акт жасалады. Бұл ретте заңды тұлғаның, мемлекеттік мекеменің банктік шотынан есептен шығару немесе Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының кем шығуға жол берген қызметкерінің өтеуі арқылы кем шығу сомасын өтеу Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкноттар мен монеталарды сараптау актісіне сәйкес жүргізіледі.

98. Ұлттық Банк филиалының, Ұлттық Банк Орталығының кассасында кем шығу, артық шығу, төлем жасалмайтын, қолдан жасалу және (немесе) ақау белгілері бар банкноттар немесе монеталар анықталған жағдайда, Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кем шығу (артық шығу) туралы акті жасалады, оған касса қызметкері, қатысуымен банкноттар мен монеталарды қайта есептеу жүргізілетін бақылаушы немесе Ұлттық Банктің филиалында, Ұлттық Банк Орталығында банкноттар мен монеталардың сақталуына жауапты лауазымды адамдар қол қояды.

99. Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кем шығу (артық шығу) туралы акт:

